

# Ұлағатты ұстаз өтті өмірден...

Ол ұстаз еді. Жай ұстаз емес, ұстаздардың ұстазы еді. Ел алдындағы азаматтық парызын өтеген, өзінің қадір-қасиетімен ерте танылған, көп ішінде аға болып алдында жүретін, орынды жерде шешен сөйлейтін, шын мәнінде біртуар азаматтар баршылық еді.

Ұлылардың бірі: «халқының қамын ойлаған, еңбек еткен кісінің жалғыз өзі - кішігірім мемлекет,» - деп даналық ой қорытқан. Ел-жұрт ерекше сыйлап, атақ беріп құрметтеген адамдар да аз емес. Өмірде сүйікті кәсібін қол үзбей, жемісті еңбек еткен ұлағатты жандардың ісіне қарап, кейбір ұрпақ бой түзеген екен. Әрбір адамның туған жері, ата - жұрты бәрінен де қымбат, себебі, сол жердің топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстап, табиғатымен біте қайнасып, адам болып қалыптасады. Туған жерге деген құрмет сол жерде мекендеген аталар ұрпағының еңбегін бағалай білу - біздің басты парызымыз. Еңбегімен ел алғысына бөленген, егеменді еліміздің тарихында есімдерін алтын әріппен жазып кеткен, аяулы абзал азаматтар ел ішінде көптеп саналады. Солардың бірі - ағарту саласының майталманы, ұлағатты ұстаз Жармұқан Әділбекұлы Дүйсенов. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. «Ұстаз - ұлы есім,» - деп бекем айтпаса керек. Тәрбие



мен білім егіз ұғым. Тәрбие отбасынан басталады, екеуі мектепте жалғасын тауып, есімдері елге мәшһүр ұстаздар осы мектепте оқушыларға білім береді. Бар ғұмырын білім беру саласына арнаған Жармұқан Әділбекұлы 1979-1984 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика мамандығы бойынша тәмамдап, осыған дейін жұмыс жасап келген ауылшаруашылық саласынан ұстаздыққа ауысуға біржола ден қойды. Сөйтіп, педагогикалық жолын 1984-1985 ж.ж. Арқалық ауданы Ақбұлақ орта мектебінде өз мамандығы бойынша мұғалім болып бастап, ісіне мығым азамат 1989-1994 жылдары аталған мектепте директор болып жемісті еңбек етті. Кейін 1994-1996 жылдары Торғай облысы мұғалімдерінің облыстық білім жетілдіру институ-

тында әдіскер және облыстық білім басқармасында маман, 1996-1998 жылдары Арқалық қалалық №7 орта мектепте физика-технология пәнінің мұғалімі, 1998-2006 жылдары Ш. Уәлиханов атындағы №10 орта мектепте директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, 2006-2016 ж.ж. Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімінде әдіскер қызметін атқарды. 2016 жылдан бастап Родина орта мектебінің директоры болып, 2020 жылы зейнеткерлікке шығып еді.

Қатал тағдыр арамыздан аяулы досымыз және ағамыз, ұзақ жылдар мектептерде ұлағатты ұстаз, өнегелі басшылық қызмет атқарған Жармұқан Әділбекұлын алып кетті. Ол қандай қызметте де өз ісіне адал болды. Жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен қажырлық танытып, өз ұжымында, ел-жұртында жоғары абырой - беделге ие болды. Жармұқан ағамыз жаратылысынан көп сөйлемейтін, көпіріп көп сөйлейтіндерді жақтырмайтын жан еді. Үндемей жүріп, анық басып, біраз істі тындыратын істің адамы болатын. Шындығында да ол барлық жағынан өте таза адам болды. Жан - жағына жақсылығын жасай жүрді. Ең алдымен ол өзі оқыған, қызмет еткен Арқалық қаласын адал сүйе білді, жұрты үшін жан аямай қызмет жасады. Ешкімді алапаған жоқ. Оның бойында өкпе жоқ, бірыңғай бауыр-

дан жаралған азамат еді. Өз ісіне мейлінше жауапкершілікпен қарап, қарамағындағы қызметтес азаматтарына жұмыс барысында жағдай жасай отырып, сыпайылықпен кез келген құрделі мәселелерді шешуде жөн көрсетіп, азаматтарға қол ұшын берді. Жәкең қызмет атқарған кездерінде үлкенді үлкенше, кішіні кіші болып, достықты, ешкімге артық ауыз сөз айтпай, лауазымын пайдаланып, ешкімді қудаламаған азамат. Өткен өміріне өкінбей, шүкіршілікпен тіршілік еткен Жармұқан Әділбекұлы зейнетінің қызығын көп көре алмады. 2022 жылдың күзінің бірінші қыркүйек күні, яғни «Білім күні» аяулы ұстаз, білікті басшы, жан досымыз, ардақты ағамыз өмірден өтті. Артындағы ғұмырлық серігі, аяулы жары Оразкүл мен Рауан, Аружан, Нұрхан атты ұл, қыздары қалды. Осы балаларды оқытып, ержеткізіп, ұй қыламын деген арманы қалды.

Қайран өмір! Қайран дүние! Қызығы мен қиыншылығы, айтысы мен тартысы, мұңы мен сыры, тіресі мен күресі, жеңісі мен жеңілісі, қиялы мен мұраты, қамсыздығы көп өмірдің терең де тұңғыық, шуақты да көлеңкелі жақтарын парақтасаң, тіршіліктегі ұсақ түйектерге малданып, бұл дүниенің қамшының сабындай қысқасына көз жеткізесің.

Иә, «жазымыштан озымыш жоқ» деген, күні кеше ғана алдымызда өзінің аңқылдақ мінезімен жайрандап жүрген досымыз, әріптесіміз, бірімізге іні, бірімізге ағамыз,

Жармұқан Әділбекұлы Дүйсенов фәниден бақилыққа кеткеніне қырық күн болып қалыпты. Жармұқан-өзінің ақкөңіл, аңқылдақ қалпымен көптің құрметіне ие болды. Қайда да, қай азаматқа жолықса да лезде тіл табыса білді, сөйтіп көптің ықыласына бөленді. Иә, «жақсы адамда жаттық жоқ,» - дейді ғой. Сол рас екен. Жармұқан ешкімді бөтенсенбей, өзіне жақын санап, құшағына тарға білді. Содан да оны ел азаматтары жақсы көрді. Жармұқан аға өте қайырымды, біреуге қол ұшын беруге асығып тұратын жан. Сондай ерекшеліктері оның беделін арттырды. Ондай қасиет бар адамда бола бермеуі мүмкін. Ал, Жармұқан досымның бойына біткен сол бір қасиет оның көптің ішінен ерекшеленіп тұруға мүмкіндік жасады. Содан да Жармұқан кішіге ақылшы, үлкенге сүйеу бола білді. Жұртшылық оны солай қабылдады. Күні кеше жаны жайсаң Жармұқан Әділбекұлы осылай дүниеден өтті. Ол өзі үшін емес, төңірегіндегі адамдар үшін өмір сүріп, соларға күш - жігерін жұмсады. Ең болмаса 80-емес, бар болғаны 65 жасында өмірден озды. Алтынның азбасы, асылдың тозбасы анық. Сен біздің жүрегімізде мәңгіліксің! Қимастық сезіммен еске алу мақсатында мына шумақтарды рухына бағыштаймын:

Өмірдің барлық сатысын,  
Әділдікпен өткізген.  
Ақылы мен мінезбен,  
Жөнсіздікті мүдірткен.  
Дүние - мал жидіраған,  
Адалдықтан таймаған.  
Ала жіпті аттамай,  
Абыроймен атанған.  
Бәріне өнеге әр ісіңіз,  
Білім, тәрбие боп егілген дәрісіңіз,  
Ұстазым бөлендің шаттық нұрға.  
Сізге мәңгі құрметпен бас иеміз.  
Дегенмен өмір болды қысқа,  
Сағынышпен еске аламыз әр бір тұста.  
Жұлдыздай жарқ еттің де ерте кеттің  
Амал не жоқсың бүгін ортамызда.  
Жарық болсын жеріңіз,  
Жұмақтан болсын төріңіз.  
Осылай арнау арнайды,  
Сағидолла деген іні-досыңыз.

Жәкеңді соңғы сапарға шығарып саларда халық көп жиналды. Жұрттың көзінде - жас, көңілінде - мұң тұрды. Туған халық үлкен құрметпен шығарып салды. «Адам әділ бағасын өзі өлгеннен кейін алады» - дейді. Бұл парасатты пайымдаудан туған сөз. Достық көңілмен еске алып, аруағына бас иіп, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, орның жұмақта, жаның жәннатта, тәнің рахатта, иманың көркем болсын аяулы дос, жан аға Жармұқан Әділбекұлы деймін.

Сағидолла БАЙГЕНЖИН, досы,  
Арқалық мемлекеттік өңірлік архивінің басшысы,  
Арқалық қаласы мәслихатының депутаты,  
Қ.Р. оқу - ағарту ісінің озық қызметкері